



АҚПАРАТТАР ТОПТАМАСЫ

«Ғылым айлығы – 2021»

Индустриалды технологиялық институт базасында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және 12 сәуір – халықаралық ғылым күні аясында университетішілік «Жаңа технологиялар: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияда алдымен сөз алған Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ғылым бойынша проректоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Әлжан Шәмшідін әріптестерін Ғылым айлығының басталуымен құттықтады.

Жиында баяндама жасаған Индустриалды технологиялық институт директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор С.Монтаев оқу орнында жасалған ғылыми-сараптамалық зерттеулерге, ғылыми жобаларға тоқталып өтті. «Мұнай, газ және химиялық инженерия» жоғары мектебінің оқытушысы А.Сәрсенова, аға оқытушысы Т.Шәкіров, «Құрылыс инженериясы» білім бағдарламасының 3-курс докторанты Қ.Досов, «Құрылыс және құрылыс материалдары» жоғары мектебінің оқытушысы Е.Мәжитов, «Машина жасау» жоғары мектебінің аға оқытушысы, PhD доктор Е.Ербаев, аға оқытушы А.Турешова ғылыми бағыттағы жұмыстарымен таныстырды.

Трансформаторға қажетті жабдық өндіру жобасын ұсынды

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдары мен «Alageum Electric» компаниялар тобының (Орал трансформатор зауыты) басшылары «Кернеуді трансформаторлық ауыстырып-қосқыш өндірісі» жобасын талқылады.

Университет ғалымдарының бұл жобасы оқу жылының басында «Даму» қорынан гранттық қаржыландыруға ие болған еді. Грант қаржысына өндірісті жүзеге асыруға қажетті құрылғылар сатып алынған. Жобамен таныстырған университет оқытушысы, магистр А.Төрешова Орал трансформатор зауытының өкілдеріне өнімді өндіруге қатысты бірқатар ұсыныстарды жеткізді. «Alageum Electric» компаниялар тобы бақылау кеңесінің төрағасы С.Қожабаев университет ғалымдарының бастамасын қолдайтындарын жеткізді. Енді оны зерделеп, бірқатар тетіктерін талқылауды ұсынды. Жәңгір хан университеті Орал трансформатор зауытымен екі жылдан бері әріптестік бағытта байланыс жасап келеді. Зауыт басшылығы оқу орнына тәжірибелік жағынан қолдау көрсетіп, ынтымақтастықты нығайтуда.

Қалалық чемпионат өтті

23 наурызда «Жәңгір хан» спорт кешенінде шағын футболдан мекемелер мен ұйымдар арасындағы қалалық чемпионат өз мәресіне жетті. Бұл – спорт кешенінде ауқымды дәрежеде ұйымдастырылған алғашқы спорттық іс-шара.

Жәңгір хан университеті мен Орал қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі бірлесе ұйымдастырған жарыс ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Наурыз мерекесіне орайластырылды. ҚР Футбол федерациясының І дәрежелі төрешісі Нариман Талапкеровтің мәліметінше, жарысқа Орал қаласы мен Қазталов, Жәнібек, Жаңақала, Теректі, Бөрлі аудандарынан мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар қызметкерлерінің 14 командасы қатысты. Шағын футболдан мекемелер мен ұйымдар арасындағы қалалық чемпионаттың қорытындысы бойынша 1-орынды – Жаңақала ауданының, 2-орынды – Қазталов ауданының командалары жеңіп алса, 3-орын «Топан» мекемесінің командасына бұйырды. Футбол ойынында үздік нәтиже көрсеткен ойыншылар да марапатталды.

Қыздарымыз жарады!

Экономика және аудит жоғары мектебінің 1-курс студенттері Анастасия Панасович пен Зейнеп Баянова тағы бір белесті бағындырды.

3-5 наурыз аралығында Өскеменде өткен әйелдер күресінен 23 жасқа дейінгілер арасындағы ҚР чемпионатында Анастасия Панасович 65 келі бойынша күміс жүлдені қанжығаға байласа, Зейнеп Баянова 53 келі бойынша қола жүлдеге қол жеткізді. Ал 16-17 наурыз аралығында Павлодарда өткен V Жастар ойындарында олар жеңімпаз атанып, ҚР спорт шебері нормативін орындады.

Кредиттік оқыту жүйесінің артықшылығы қандай?

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесіндегі халықаралық білім кеңістігіне кіру механизмдерінің бірі – кредиттік оқыту жүйесі. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде де кредиттік технология бойынша оқыту жүзеге асырылуда.



Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау процесінде кредиттік технологияны қолдану қажеттілігі туындап отыр. Оқытудың кредиттік технологиясы (ОКТ) білім алушылардың дайындықтарын дараландыру негізінде өзін-өзі тәрбиелеу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға бағытталған. Заманауи білім беру – білім беруді даралау мен саралауға, білім беру жүйелері мен білім беру мекемелерінің баламасына, білім беру бағдарламалық құжаттаманың икемділігі мен динамизмін, әлеуметтік-экономикалық ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделуіне негізделген.

Кредиттік оқыту жүйесінің артықшылығы – педагогикалық шеберлікті үнемі жетілдіріп отыруды, оқу процесін ұйымдастырушылардың біліктілігін арттыруды, білім сапасын арттыруды талап етеді. Кредиттік білім беру жүйесінің басты артықшылықтарының бірі – академиялық таңдау еркіндігі. Нәтижесінде білім алушылар оқытушыларды таңдап, олардың оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік алады. Университетімізде білім алушыларға таңдау пәндер каталогынан (ТПК) өз білім траекториясын анықтайтын пәндерді және оқытушыларды өз бетімен таңдау еркіндігі беріледі.

Элективті пәндердің каталогтары білім алушыларға ақпараттық порталда, сондай-ақ баспа түрінде қолжетімді. Жеке жоспар құрған кезде білім алушыларға пәндердің қысқаша аннотациясы ұсынылады: ол дегеніміз – білім беру бағдарламасындағы пәннің орны мен рөлі, оның жаңашылдығы, оқыту әдістері мен формалары.

Кредиттік технологияның сипаттамалары:

- 1) әр пән бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын бағалауға арналған кредиттер жүйесін енгізу;
- 2) білім алушылардың жеке оқу жоспарын құрған кезде жұмыс оқу жоспарына енетін факультативтік пәндердің ішінен пәндерді таңдау еркіндігі;
- 3) өзінің жеке оқу жоспарын құруға тікелей қатысу;
- 4) білім беру үрдісіне эдвайзерлерді тарту, білім алушыларға білім беру траекториясын таңдауға көмектесу;

5) әрбір оқу пәні бойынша білім жетістіктерін бағалау үшін балдық-рейтингтік жүйені қолдану;

6) білім беру процесін барлық қажетті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

7) университетте немесе белгілі бір жерде оқытушылар құрамы жеткілікті болған жағдайда білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі.

ОКТ үшін оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- 1) білім көлемін унификациялау;
- 2) оқытудың максималды даралануы үшін жағдайлар жасау;

алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі;

4) білім беру үрдісіне эдвайзерлерді тарту, білім алушыларға білім беру траекториясын таңдауға көмектесу;

5) оқытудың интерактивті әдістерін қолдану;

6) білім беру бағдарламасын құруда білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыру;

7) оқу үдерісін ұйымдастырудағы, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы институттың және жоғары мектептердің академиялық еркіндігі;



3) білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен тиімділігін күшейту;

4) оларды бақылаудың тиімді және ашық процедурасы негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтау.

ОКТ құрамына:

- 1) әр пән бойынша және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;
- 2) білім алушылардың жоғары оқу орындарын қоспағанда, олардың жеке оқу жоспарларын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін, ТПК енгізілген пәндерді таңдау еркіндігі;
- 3) жоғары оқу орындарына арналған пәндерге жазылу кезінде білім

8) білім беру процесін ұйымдастыруда оқытушының академиялық еркіндігі;

9) оқу процесін қажетті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

10) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;

11) әрбір оқу пәні бойынша және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін балдық-рейтингтік жүйені қолдану.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау процесінде кредиттік технологияны қолдану қажеттілігі сенімді әрі тұрақты болашаққа деген ұмтылысымен байланысты.

Светлана БАЯНТАСОВА
Білім беру менеджменті және мониторингі басқармасының маманы